

# ЖАРКЕНТ

## Айнасы

№8-9 (11), 10 мамыр, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



Жақында Головацкий атындағы орта мектептің кітапханашылары П.Молдахмет пен Ш.Нұрсұлтанқызы Жастар жылына орай «Жастар – біздің болашағымыз» атты кездесу кешін ұйымдастырды. Кеш ауылымыздың жас кәсіпкері, парасатты азамат Роллан Бекмұратұлын оқушыларға таныстырып, еңбегін насихаттау мақсатында өткізілді.

Егеменеліміздің болашағы – жастар. Ендеше, жастар жасампаздықтың эстафетасын қабылдап алып, алға қарай қарыштап, жылжып, игі істерімізді одан ары дамытып, елге танытатын тұлға. Сол себепті, жастарды ертерек еңбексүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге және еңбек қана ер атандыратынын ұқтырып, тәрбиелеу – маңызды мәселелердің бірі болып табылатыны анық. Мектебімізде соңғы жылдары бірқатар жас мамандар легі еңбек етуде. Жалынды жастардың қай-қайсысы болмасын қоғамдық жұмыстарға белсене араласуда. Атап айтқанда: Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ.Асқарбек, Н.Тезекбаева, М.Аркенова, А.Қажытаева, Д.Куртибаев, мектеп психологы Ж.Баширкулова, мектеп музыканты Н.Қастеев, мектептің дене шынықтыру және АӘД пәнінің мұғалімдері: М.Жұмағали, Р.Мұсаев, М.Бұрашев, Н.Жұмағұл, С.Абай, мектептің пән мұғалімдері: А.Ақан, А.Құдайқұлова, Ж.Серік, А.Шаяхмет, М.Жатқанбай, Г.Рахметұллаева, Б.Бағыбаева, Г.Дәуренбекова, А.Тоқсанбаева, Р.Хамзиев, А.Абдуали, Р.Карибаева, М.Кигашбаева, Л.Ешбаева, Ж.Ағымова, М.Укибасова, Г.Нұртай, Ж.Тезекбаева, А.Бекназар, П.Молдахмет, С.Қастеева, А.Нұрымбетова, А.Биримқұлова.


Осындай жігерлі жастардың бірі – кәсіпкер, бірнеше мамандықты қатар алып жүрген Роллан Бекмұратұлы – 1997 жылы барлығымыздың басымызды біріктіріп отырған екі мәрте Еңбек ері, біз мақтанышпен айтатын Головацкий ауылы, Головацкий атымен аталатын білім ошағының түлегі. Бүгінде ол шаруашылықтың әр саласымен айналысып, оның сыртында ауылымызда көпшілік демалатын жазғы жағажайымен жұмыс жасап жүр. Ауылдың бірнеше азаматын еңбекпен қамтамасыз етіп, бүкіл аудан жұртшылығының тынысты демалуына жағдай туғызып отыр. Міне өзінің туған ауылына сыйлы, үлгілі отбасының жалғасы, 3 бала тәрбиелеп отырған Ролланға оқушылар түрлі сұрақтар қойып, пікір алмасты. Тәрбиеші К.Қастеева, музыка пәнінің мұғалімі Н.Қастеев, оқушыларымыз Ш.Бекмұрат, А.Сележова, Н.Мәди, Б.Болаттың орындаған әндері, А.Марғұлан, С.Болат, Е.Арып, Е.Шәріпхан, Ұ.Бақытқызы, Г.Байроштың өлең жолдары, 8 «ә» сынып қыздарының «Жұмыр қылыш» биі келген қонақтардың құрметіне арналды.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», – дейді дана халқымыз. Ел сенімін, үмітін ақтау болашақ жастардың еншісінде.

«Ел боламын десен, бесігіңді түзе», – дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек қой. Туған жеріне туын тігер қайраткерлеріміз көбейіп, болашағымыз жарқын болсын деп тілейік ағайын!

Ш.ТҮГЕЛБАЕВА,  
Головацкий ауылы.

## ІЛЕБАЛЫҚ – САУДА-САТТЫҒЫ ДАМЫҒАН ЕЖЕЛГІ ҚАЛА



Өзгелер емес өз жерінің тарихын өзің білгенің жақсы болғанмен, айналадағы адамдардың хабарсыз болғаны, тарихының бірте-бірте ұмыт болуына әкеліп соғады. «Жаркент айнасы» газетінің алғашқы номерінде (05.10.2018) қалың оқырманға тергелмей тұнып қалған тарихы бар Жаркентіміз туралы айтқан едік. «Жаркент шұратындағы үйсін мәдениетін іздері» деген мақаладағы мына сөйлемдерді сөзбе-сөз келтіргенім оқырманға көп жайдан хабар берері анық. «Ежелгі үйсін обалары бар біраз елдімекендерді көне атаулы жерлерді аралап, олардың орналасуы, көлемі, сол төңіректен табылған әр түрлі жәдігерлерді жинастыра жүріп олар жөніндегі мәліметтерді баспасөз бетінде жариялап жүрдім. Сондай кездің бірінде атақты археолог, академик К.М.Байпақовпен хабарласып, өзімдегі жинақталған үйсіндердің қоныстарынан табылған әр түрлі жәдігерлермен

таныстыру мүмкіндігіне ие болдым. 2015 жылы шілде айында академик К.М.Байпақов америкалық археологтар: Стивен Гильвертті, профессор Стивен Ортиздер, Том Дэвисті, тарих ғылымдарының кандидаты Д.А.Воякинді алып жолығуға келді. Алмалы ауылы жанындағы «Гелиос» қонақ үйіне орналасқан соң археологтар менің қолымдағы жинақталған жәдігерлерді түгелдей қарап шығып, олардың б.з.д III - II ғ.ғ. үйсін дәуіріне жататындығын атап берді. Менің айттып отырған мәселем көне Жаркент ежелгі үйсіндер мемлекетінің гүлденген аймағы болғандығын көзі қарақты оқырманға жеткізу. К.М.Байпақов (марқұм 2018 жылы желтоқсан айында қайтыс болды) осы сапарында жанындағы археологтарға Үшарал маңындағы Ілебалық қаласының орнын көрсетіп, тамыз айында экспедиция шығарылып, қазба жұмыстары жүргізілетінін айтты. Маған өтініш жасап, қолқабыс етіп, жергілікті

әкімдерге айтып пәтер жалдау, адамдармен көмектесулерді өтінді. Мен 2016-2017 жылғы қазба жұмыстарында ара-тұра барып қатысып тұрдым. Қазба жұмыстары 2018 жылда бір айдай жүрді. Қазба жұмыстары өте нәтижелі жүргізілгеннен мына төмендегі академик К.М.Байпақовтың «Промышленность Казахстана» журналының 2015 жылы номері екінші санында жарияланған «Іле алқабындағы Ілебалық қаласының орнын оқшаулау» және осы журналдың 2018 жылғы номері екінші санындағы «Ортағасырлық Ілебалық қаласынан табылған зергерлік бұйымдар қоймасы» деген зерттеу мақаласында жазған еді. Бүгінгі номерге сол Ілебалық қаласы туралы мақаланы аударып беріп отырмын.

Орыс тілінен аударған  
«Жаркент айнасы» газетінің  
Бас редакторы  
Молот СОЛТАНАЕВ.

(Жалғасы 3-бетте)













